

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Клод Леви-Стросс
«Мифті құрылымдық тұрғыдан
зерттеу»





Мақсаты: Клод Леви-Стросстың мифологияны дербес ғылым ретінде дәйектеген ой-пікірлерімен танысу; мифтердің функционалды және психологиялық ерекшеліктерін айқындау; қарапайым сана мен ғылыми ойлау ұғымдарының байланысын талдау.

Кілт тіркестер: когнитивтік немесе танымдық мәселелер, эволюциялық антропологиялық амалдар, психологиялық тәсілдер, лингвистикалық әдістер, диалектикалық модель.

Негізгі идеялары:

- Клод Леви-Стросстың ғылыми қызметінің басты мәселелері.
- Леви-Стросс мифтің мағынасы туралы: жаңа және классикалық түсінік.
- Түрлі ғылыми аспектілердегі мифтің ерекшеліктері. Мифология мағынасының пәлсапалық спекуляцияға дейін тарылуы.
- Леви-Стросс тіл мен миф арасындағы айырмашылықтар туралы.

Клод Леви-Стросс этнограф, әлеуметтанушы, мәдениеттанушы, этнологиядағы құрылымдық мектептің негізін салушы (бүгінде бұл бағыт құрылымдық антропология деп аталады), «инцест» немесе құқық пен мемлекеттің пайда болуы туралы теорияны дамытушы. Клод Леви-Стросс – фольклор мен мифологияның байланысу жүйесін зерттеушілердің бірі. Ол Брюссельде дүниеге келген. Париж университетінде пәлсапа мен заң жүйесін оқып үйренді, кейін бірнеше жылдар көлемінде мектепте сабақ берді. 1934 жылы Леви-Стросс экспедиция құрамында Бразилияны аралады, ал 1941–1945 жылдары Нью-Йорк университетінде жұмыс істеді. Сол жылдары ғалым тілші Р. Якобсонмен танысты. Соғыстан кейін Францияға қайта оралған зерттеуші 1959 жылдары әлеуметтік антропология профессоры атанса, 1974 жылға дейін Париж университетінде Практикалық немесе тәжірибелік мектептің ғылыми бөлімін басқарды. Оның алғашқы көлемді еңбегі «Туыстықтың қарапайым құрылымы» («Элементарные структуры родства») деген атпен 1949 жылы жарық көрді. 1955 жылы ғалымның «Қайғылы тропиктер» («Печальные тропики») деген еңбегі шықты. Аталған зерттеулердің арқасында ғалым кәсіби ортадан сыртта да танымал бола бастады. Дегенмен Леви-Стросстың аса құнды еңбектері – 1961 жылы жарық көрген «Құрылымдық антропология» мен 1964–1971 жылдары басылып шыққан 4 томдық «Мифологиктер» атты жинағы.

Клод Леви-Стросс – құрылымдық бағыттың II дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде Францияда кеңінен дамуына әсер еткен тұлғалардың бірі. «Қайғылы тропиктер» мен «Құрылымдық антропология» атты еңбектерінде ғалым адамзат қоғамы мен адамзат мәдениетінің құрамдас бөліктеріне сипаттама бере отырып, мәдениеттің тілмен ұқсастық танытатын жүйелі сипаты мен құрылымдық ерекшелігіне мән берді. Көпшілікке танымал болған аталмыш эссесінде Леви-Стросс адамзаттық мифтер адам өміріндегі танымдық мәселелердің ортақ шешімін анықтайтын ұқсас құрылымдық элементтерді зерттеу мақсатын көздеді. Автордың көзқарасына сәйкес, адамдар табиғи жануарлар сияқты, олардан тек ойлау қабілетімен және мәдениетті дамыту мүмкіндігімен ерекшеленеді. Заңды түрде туындайтын сұрақтардың бірі – «Қалайша адамдар адамзат ғұмырының мүлдем бір-біріне ұқсамайтын белгілерін тоғыстыра алады?» деген мәселе.

Леви-Стросстың «Миф туралы құрылымдық ілім» атты еңбегі Франц Боастың «Мифологиялық әлемдер жаңа үзінділерді қайта жасау үшін жоқ болатындай көрінеді» деген ойынан бастау алды. Ғалымның ойынша, мифтер – бұл танымдық үйлесімділікке қол жеткізетін қабілеттер жиынтығы. Еңбектің негізін құрайтын зерттеу әдістері бастауын Гегельден, Маркстің диалектикалық әдісінен алды, сол арқылы өзіндік диалектикалық модель құру мүмкіндігі қарастырылды.

Антропологиялық зерттеулерде негізге алынған эволюциялық амалдар Эдип оқиғасын әлеуметтік зиян деп қарастырды. Бұл оқиғалар желісі зорлық-зомбылыққа қарсы әдейі дайындалған амал-тәсілдер жиынтығы ретінде танылды.

Келесі айта кететін мәселе – антропологияда кеңінен қолданыс тапқан діни мәнмәтіндік даму. Оның астарында ғалымдардың анайы дін мәселелеріне жүгіне отырып, өз зерттеулерінің жаңа зерттеулер аясын негіздеген бағытын талдап көрсетуге болады. Дегенмен бұл бағыттың болашақта кең өріс ала дамуына кедергі жасаған екі себепке тоқтала кеткен орынды.



Біріншіден, діннің антропологиялық негізде зерттеле бастауы кезінде Тайлор, Фрейзер және Дюркгейм сияқты есімдермен тығыз байланысты болғандықтан, оның алғашқы нұсқалары психологиялық басымдығымен айқындалды. Нәтижесінде жасалған тұжырымдар әлемді таңғалдырып, «ескірген психологиялық амалдар» деп аталды. Әрине, көптеген ғылыми бағыттардың дамуына түрткі болған аталмыш амалдар зияткерлік, яғни интеллектуалдық ұстанымдарымен түйінделді. Ойдан ой туындатқан сұрақтар қатарын «Олар алдына қойған міндеттерін қалай іске асыруды көздеді?» деген мәселе туындатты. Дәл осы кезде психологиялық түсініктердің тиімділігіне күмән келтірген дискредитациялық ойлар орын алды. Соның салдарынан психологиялық мектеп қарапайым деген ой туғызып, зерттеулердің кеңінен таралуына тоқтау салды. Екіншіден, Хокарт атап өткендей, психологиялық интерпретациялар (түсініктемелер) интеллектуалды аядан алынып тасталды. Логиканың аясын кеңейтудің орнына оны тарылту талпыныстары байқалды. Бұл да аталмыш бағыттың дамуына кедергі жасады.

Шын мәнінде, діни антропологияда мифологияны ешкім зерттеген жоқ. Елу жыл бұрын хаостық зерттеу жасауға деген даулы талпыныс болған. Алайда мифтер осы күнге дейін қарама-қайшылықпен: не ұжымдық арман ретінде, не белгісіз эстетикалық ойынның нәтижесі ретінде немесе рәсімнің негізі ретінде талқылануда. Мифологиялық мәліметтер дараланған абстракциялар деп саналды. Қандай болса да болжалды талдау мифологияның мәнін философиялық алып-сатарлыққа дейін тарылтуға бағытталды.

Миф дегеніміз не? Осы сұрақты талқылап көрейік. Оны толық түсіну үшін әдепсіздік пен софизмнің ара жігін анықтау қажет болды. Кейбір ғалымдар адамзат қоғамы мифтерді өздерінің сүйіспеншілік, жеккөру немесе кек сияқты басты сезімдерін білдіру үшін пайдаланады. Сұрақ: Неге қоғам мұны күрделі немесе қулық тәсілмен жасауы тиіс? Барлығы эмпирикалық түсінік арқылы таныс қой. Басқа қырынан қарасақ, психоаналитиктер мен көптеген антропологтар табиғи өмір сүру мен космология мәселелерін әлеуметтік және психологиялық салаларға ауыстырды. Космология ұстанымына сәйкес, әрбір бақылаушы бір мезетте бақылау орыны мен бағытына тәуелсіз Ғаламда орта есеппен бірдей суретті тамашалайды. Сонымен, түсіндіруді жеңілдете отырып, мифология әлеуметтік құрылымдар мен әлеуметтік қатынастарды бейнелейді. Алайда оның мақсаты жаншылып қалған сезімдерді оятуды қамтамасыз ету керек, сондықтан автордың қорытындысы бойынша, «Қандай жағдай болса да, ақылды диалектика әрдайым мағынасы табылғандай кейіп танытады».

Мифология оқушылардың алдына, бірінші кезекте, қарама-қайшы жағдайды қояды деп есептеледі. Екінші жақтан, мифте барлығы болуы мүмкін деп болжанады. Дегенмен логика да жоқ, үздіксіздік те жоқ. Кез келген мінездеме кез келген субъектіге қатысты болуы мүмкін. Барлық ойдың қарым – қатынасын табуға да болады. Бұл мифпен бірге барлық нәрсе болуы мүмкін дегенді аңғартады. Бірақ, басқа қырынан, бұл болжанған құбылыс әр түрлі аймақтарда мифтер арасындағы таңқаларлық ұқсастыққа қарама-қайшы болып келеді. Неге әлемдегі барлық мифтер соншалықты ұқсас болып келеді? Дәл осы түсінік оның шешіміне әкелуі мүмкін. Мұндай қарама-қайшылық бұрынғы уақытта лингвистикалық мәселелермен айналысатын алғашқы философтарды шын мәнінде алаңдатты. Ежелгі философтар адамдардың мифологияға қатынасы туралы мәселені көп талқылады. Автор атап өткендей, олар белгілі бір тілдегі дыбыстардың белгілі бір ретінің белгілі бір мағынамен байланысын аңғарды. Осы байланыстың себебін анықтауға барынша тырысты. Алайда олардың тырысуы әу бастан сәтсіз болды, өйткені дыбыстар басқа тілдерде де, басқа мағына білдірсе де қатыстылығы бірдей еді.

Мифологты оның тұрақсыз жағдайын лингвистің ғылымға дейінгі жағдайымен салыстыруға үндеу жеткіліксіз. Өте нақты себеп бар, неге мифті жай ғана тек қана тіл ретінде қарауға болмайды, өйткені оның көмегімен нақты мәселелер шешімін тауып жатқан жағдайлар да бар. Миф – бұл тіл, бұл адам сөзінің бір бөлігі. Мифтің ерекшелігін сақтау үшін бұл өзі тіл екенін, сонымен қатар басқа да нәрсе екенін дәлелдеу қажет. Бұл жерде лингвистердің өткен тәжірибесі көмекке келуі мүмкін. Тілді бір мезгілде ұқсас әрі түрлі заттармен салыстыруға болады.

Мифтің лингвистикалық құбылыстан тағы да бір өзгешелігі байқалады. Миф тілдің бір бөлігі, аудармашы, сатқын деген итальялық нұсқалар нысаны өзінің нақты мағынасында ұғынылады. Осы көзқарас тұрғысынан ол лингвистикалық сөздердің гаммасына, қарама-қайшы поэзияға жатады. Бұл нені білдіреді? Миф – бұл лингвистикалық, бірақ соншалықты поэзиялық



болатындай құбылыс емес. Дегенмен әр түрлі тұжырымдар болған, оның ішінде керісінше талқылауды дәлелдейтіндері де болды. Поэзия – бұл да өзінше сөйлем, оның мағынасын дәл аудару мүмкін емес. Мифтің мазмұндық құндылығы ең нашар аударма арқылы да сақталады. Біздің тілді және адамдардың мәдениетін білмеуіміз қандай болса да, миф әлемнің кез келген нүктесінде кез келген адам үшін миф болып оқылады. Оның мәні стилінде, ерекше әуезінде немесе синтаксисінде емес. Баяндалуы мен оның мазмұны – мифтің өзегін құрайтын түп негізі. Миф – бұл ерекше жоғары деңгейдегі тіл деп болжанады, ондағы мағына іс жүзінде тілдік негізде танылады және ол сюжеттің одан әрі өрбуімен дамиды.

Талқылаулар негізінде автор төмендегідей қорытындылар жасады: біріншіден, мифологиядан табылатын мағына оның тұтастығымен анықталмайды; екіншіден, миф тілмен пара пар категорияға жатқызылғанымен, ол тілге тән кейбір ерекшеліктерге ғана ие бола алады; үшіншіден, мифтің өзгешеліктерін тіл үсті деңгейде айқындауға болады, себебі ол тілдік құрылымдарға қарағанда әлде-қайда күрделі деп есептеледі. Жоғарыда аталған мәселелерді зерттеу болжамы ретінде қарастыра отырып, екі салдырдың анықтамаларын дәйектеуге болады: біріншіден, миф те тіл сияқты арнайы бөлшектерден тұрады; екіншіден, олар фонемадан, морфемадан және семемадан тұрады, алайда, оған қосымша тек мифтерге ғана тән ерекшеліктердің ең жоғарғы және күрделі тәртіпке бағынатынын да ұмытпаған абзал.

Осыдан туындайтын мәселе: «Бұл бірліктерді қалай анықтауға және бір-бірінен ажыратуға болады?». Басқаша айтқанда, мифтер тілге тән барлық бірліктерді бойына жинай отырып, сол элементтердің ең жоғары көрсеткішін құрай алады деп танылады. Дәл осы ерекшеліктер мифтің сөйлеуден айырмашылығын сұрыптап көрсетеді. Ұсынылатын әдістердің бірегейі ретінде тексерілетін нұсқалар мен қателер деп талданады, ал олардың қолданыстағы критерийлерін келесі кезеңдер мен шешімдер айқындады: түсініктің ықшамдылығы, шешімнің тұтастығы, жекеленген бөлшектерден тұтас құбылысты құрай алу қабілеті, алдыңғы құбылыстардан жинақталатын кейінгі кезеңдер.

Ғалым қолданған тәсіл қатарында әр мифті жекелей алып талдау ұстанымы айқындалды, бұл тұста тарихтың өзі де қысқартылған сөйлемдерге бөлшектеніп зерттеледі. Әрі қарай әр сөйлем нөмірленген индекстік картаға жазылып, арнайы сюжеттік сызықпен сәйкестендірілетін. Осыған орай, әр карта арқылы оның затпен не құбылыспен байланысу функциясы нысанға алынды. Біздің ойымызша, келесі екі салыстыру автор идеясының түп мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

Назарларыңызға бірінші қиялдан туған жағдаятты ұсынамыз: «Мысалы, болашақтан не өзге планетадан келген археологтар адамзат ғайып болған кезде, бейтаныс кітапхананың қалдықтарына тап болады. Олар, әрине, өзіне дейінгі ұрпақтың жазуынан бейхабар деп жорамалдайық. Дегенмен белгілі бір логикалық тізбекпен олар жазбалардың кілтін тауып, әліпбидің солдан оңға қарай және астынан үстіне қарай жылжитындығын білді делік... Археологтар кітаптардың бұл жүйеге сәйкес келмейтінін де байқады... Нәтижесінде оқи және талдай келе, ғалымдар бұл шаблондардың белгілі бір уақыт аралығында қайталана алатынын да ескерусіз қалдырмады. Кейбіреуі тіпті оның өзіне дейінгі үлгілерді қайталай дамитынын да түсінді. Жасалатын болжамның негізін жақындық қатынасты сипаттайтын үлгілер белгілі бір реттілікпен емес, тұтастықпен баяндау керек деген мәселе анықтады. Үйлесімділікпен сәйкесе, болашақтың адамдары кітаптардың бір сызықтың бойымен диахронды түрде, яғни бір беттен кейін екінші беттің оқылу қажеттігін аңғарса, синхронды түрде келесі сызықтың бойымен солдан оңға қарай деген қағиданы ұстану керектігін де байқады делік. Сол арқылы барлық жазылған деректер бірдей қатынасқа негізделген байланыстар жігін басшылыққа алады...» (1).

Автор қолдануындағы екінші салыстыру сәл бөлектеу. Нысанда – ойын карталарын түсінбейтін бақылаушы. Ол келіп жатқан адамдардың тілек-мақсатын түсіну үшін көріпкелдің қасында ұзақтау отырды. Бақылаушы адамдардың жыныс ерекшелігін, жасын, сырт келбетін, әлеуметтік жағдайын түсінуге тырысты. Бұл біздің кейде мифтер арқылы өзгелердің мәдениетін тануға тырысқан талпынысымыз сияқты болады. Бақылаушы келушілердің сөздерін жазып алып, салыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тырысып жатқандай. Бұл біздің мифтерді жазып алып жатқан сәттерімізді еске салады. Екінші болжамның табиғатын анықтау мақсатында ғалым математика ілімінің қыр-сырларына үңілді. «Жеткілікті деңгейде материалмен қамтамасыз етілген дарынды адамдар колодадағы карталар санын біле ала ма?»



деген сұрақты ғалым басқа үлгіде нақтылай түсетіндей... «жағдайға байланысты олардың саны елу екіні ме, әлде отыз екіні ме құрайды, олар төрт түрлі бірдей топтамалардан жинақталады, олардың құрамы да бірдей, бірліктері де бірдей, тек бір ғана сыртқы ерекшелігі бар...».

Нақты мысал ретінде ғалым бәріне белгілі «Эдип мифін» қолданды. Аталмыш миф бүгінгі күнге әдеби трансмутацияның кейінгі түрінде жетіп отыр. Оның астарында діни не ритуалды негіздерден гөрі эстетикалық және адамгершілік ұстанымдар көрініс тапқан. Автордың мақсатын мифті түсіндіру мәселесі емес, белгілі бір техниканы көрсету талабы анықтайды. Бұл жағдайда, Леви-Стросстың айтуына қарағанда, «демонстрация» деген ұғымның астары ғалымнан гөрі саудагердің көзқарасымен дәйектелген, себебі бұл иллюстрацияның мақсатын нақты нәтижеге қол жеткізу талаптары емес, нақты механикалық ойыншықтың жұмыс істеу механизмін көрсете отырып, ұтымды сату алғышарты айқындайды.

Миф табиғатын терең түсіну үшін, ғалымдардың «Эдип мифінің» Гомерден таралған алғашқы нұсқалары туралы ойлары қайта қарастыруды қажет етті. Оның ішінде Йокаста мен Эдиптің өлтірілуі сияқты кейбір элементтер ғалымдардың талдауынан сырт қалды. Бұл оқиғалар бір-бірімен тұтастық түзе отырып, миф табиғатын өзгерте алмады деп есептелді. Сонымен қатар, бұл толықтырулардың өзіндік қажеттілігі де даусыз деп табылды, өйткені басынан аяғына дейін көрініс тапқан оқиғалар автохтонды бастаудан өзін-өзі жоюға дейін апаратын өтпелі кезеңдер деп танылды. Сол арқылы мифологиялық зерттеулердің дамуына кедергі болған мәселе осы әдіспен қайта қаралды. Бұл тұста нақты нұсқаны іздеу мәселесі көтеріледі, себебі миф барлық нұсқалардың бірігуімен түсіндірілетін тұтастық деп қарастырылады. Оның айқын дәлелі ретінде Эдип мифінің фрейдтік интерпертациясын атауға болады, бұл нұсқаны Клод Леви-Стросс та қолдады.

Мифтің мысалдармен және салыстырулармен айғақталған жан-жақты түсінігін, сөзсіз, Леви-Стросстың еңбегінен табуға болады. Зерттеуші қарапайым сана мен ғылыми ойдың салғастырмалы табиғатын зерттей отырып, миф түсінігінің заманауи тұтастығын қалыптастырды. Әрине, мифология адам танымының да, шығармашылық қабілетінің де өзгеше әлемін дәйектейтін ілімдер тоғысын құрайтындықтан, оның нысанына айналған мифтерді де, аңыздар сияқты адамзат қиялының құнды өзегі деп қарастыруға болады. Мифтер адамдардың эмоцияларының нәтижесінен туындаған идеялар деп те түсіндіріледі. Айталық, қазақтың аңыз-эпсаналарын алып қарайтын болсаңыз, әрқайсысы халқымыздың салт-дәстүрінен, рухани әлемінен хабар бере отырып, тарихи тағылымға толы өткен күндерінің белгісіндей ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Мысал ретінде жер, су, өзен, тау атауларымен байланысты аңыздарды да айтуға болады. Ұлы дала келбеті мен бабалар өнегесін дәріптейтін бұл әдеби нұсқалар бүгінгі күні рухани жаңғыруымыздың асқан құндылығын, баға жетпес мұрасын қалыптастырды (2).

Бақылау сұрақтары

1. Клод Леви-Стросс кім? Оның ғылыми қызығушылық аясын қалай сипаттауға болады?
2. Мифтердің табиғатын дәстүрлі және заманауи даму тоғысында Леви-Стросс қалай сипаттайды?
3. Клод Леви-Стросс тіл мен мифтің айырмашылықтарын қалай айқындайды?

Қолданылған дереккөздер

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 193–205 беттер.
2. <http://e-history.kz/ru/contents/view/3369>